

Серік Құсанбаев

Кеше облыс орталығы Өскемен қаласында қазақтың ұлы ойшылы, адамзаттың ақыны атанған Абай Құнанбаевтың туғанына 165, Ата Заңымыздың қабылданғанына 15 және Өскемен шаһары іргетасының қаланғанына 290 жыл толу құрметіне арналған «Шығыс шынары» атты халықаралық жыр мүшәйрасы болып өтті.

Қазақ әдебиеті мен мәдениетінің тарихына үңілетін болсақ, осыған дейін де талай-талай жыр сайыстары ұйымдастырылған болатын. Алайда «Тоғызұлым – біртөбе, Ертөстігім – біртөбе» дегендей, дәл осы мүшәйраның жолы да, жөні де бөлек болды. Олай дейтін себебіміз, **біріншіден** – биылғы халықаралық деңгейде өткізілген жыр мүшәйрасының ұзақ



Облыс Әкімі Бердібек Сапарбаев Серік Ақсұңқарұлына бас жүлдені тапсырып тұр.

Қазақтың қабырғалы ақындары Өскеменді дүр сілкіндірді

жылдардан бері ұлттық рухынан, қазақы тілінің қаймағынан айырыла жаздап, мейлінше орыстанған, әсіресе қазақ әдебиетінің қаймағы мен уызынан кенжелеп қалған облыс орталығы Өскемен қаласында өтуі. **Екіншіден** – мүшәйраның қазылар алқасында болған азаматтардың айтуларына қарағанда, осы мүшәйраға Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей, Қытай, Моңғолия мемлекеттерінен, бас-аяғы 150-ге жуық ақын қатысып, қазылардың іріктеуіне 600-ден артық өлең түсіпті. Мұндай көп ақын ат салысқан жыр мүшәйрасы бұрын-

соңды еш жерде өткізіліп көрмеген секілді.

Сонан соң бұл мүшәйраға қатысқан ақындардың да атақтарынан ат үріккендей. Айталық өлеңдері жырсүйер қауымның жүрегінен әлдеқашан орын алған мемлекеттік сыйлықтардың иегерлері, бірнеше республикалық жыр сайыстарының жүлдегерлері Исраил Сапарбаев, Иранбек Оразбаев, Серік Ақсұңқарұлы, Әбубәкір Қайран, Жәркен Бөдешев, Қасымхан Бегманов, Рафаэль Ниязбеков, Тыныштықбек Әбдікәкімов, Зейнол-

да Тілеужанов сынды поэзияның азуы алты қарыс арландарымен қатар соңғы жылдары өлең өлкесіне өзіндік өрнек ала келген Талғат Ешен, Ақберен Елгезек, Бақытжан Алдияр, Жанат Әскербекқызы, Әлия Дәулетбаева секілді алдыңғы топқа жондарын күжірейте бастаған, «көксерек» ақындардың 150 үміткердің арасынан қара үзіп шығулары осы мүшәйраның өзіндік салмағы мен артықшылығын айғақтап тұрғандай.